

2026. 13 (2)

# Asian Journal

## "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2025  
© Авторлар ұжымы, 2025

#### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

#### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о  
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal "Steppe Panorama"  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 2, pp. 565-583, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_2\\_565-583](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_565-583)


## FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928)

*Marat Utegenov*<sup>1\*</sup>, *Shagban Bektasov*<sup>2</sup>, *Aliyeva Sevinj Israfil*<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Sh. Ualikhanov Kokshetau University  
(76 Abai Str., 020000, Kokshetau, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
 <https://orcid.org/0000-0002-7748-0925> E-mail: [utegenov.marat02@gmail.com](mailto:utegenov.marat02@gmail.com)

\*Corresponding author

<sup>2</sup>Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov  
(76 Abai Str., 020000, Kokshetau, Republic of Kazakhstan)  
PhD student, Research Fellow  
 <https://orcid.org/0009-0008-9109-2794> E-mail: [shagbanbektasov@gmail.com](mailto:shagbanbektasov@gmail.com)

<sup>3</sup>Baku Engineering University  
(120 Hasan Aliyev Str., AZ0101, Khirdalan, Republic of Azerbaijan)  
Doctor of Historical Sciences, Professor  
 <https://orcid.org/0000-0003-0374-8551> E-mail: [sevincaliyeva2000@gmail.com](mailto:sevincaliyeva2000@gmail.com)

© Valikhanov IHE, 2026  
© Utegenov M., Bektasov Sg., Aliyeva S.2026

### Abstract

*Introduction.* The article analyses the regional implementation of the 1928 campaign to confiscate bai households in the Petropavlovsk and Akmola okrugs. While Soviet historiography long interpreted this campaign as a measure of social justice, contemporary scholarship reassesses it as an integral component of broader repressive policy. *Goals and objectives.* The goal of the study is to determine the role of local authorities in implementing repressive policy through a comparative analysis of the confiscation of bai households in the Akmola and Petropavlovsk okrugs. To achieve this aim, the political and ideological foundations of confiscation, the structure and activity of okrug and district commissions, the mechanisms of agitation and propaganda, and the socio-economic consequences of the campaign were examined. The source base includes the funds of the AP RK, CSA RK, and SA NKR. *Results.* Archival evidence demonstrates that, although the campaign was formally legalised, economic criteria were frequently distorted in practice. Local authorities made extensive use of the notion of "social danger," expanding the scope of repression through such methods as the artificial consolidation of households, the reclassification of territorial categories, and the disregard of actual kinship ties. The real economic impact of confiscation on agriculture proved to be limited (less than 0.5% of the region's total livestock). *Conclusion.* The experience of confiscation in the Petropavlovsk and Akmola okrugs demonstrates the repressive nature of Soviet social-engineering policies toward Kazakh society. This campaign is assessed as a significant

historical stage that paved the way for subsequent collectivisation, famine, and mass political repression.

**Keywords:** confiscation of bays households, deportation, Petropavlovsk, Akmola, repressive policy, local authorities

**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework of program-targeted funding of the Science Committee of the Ministry of higher education and science of the Republic of Kazakhstan under the title "BR24993057 Fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full vindication."

**For citation:** Utegenov M., Bektasov Sg., Aliyeva S. From the history of the confiscation of bays households in northern Kazakhstan (1928)// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 565–583. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_2\_565-583.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН

Марат Утегенов<sup>1\*</sup>, Шағбан Бектасов<sup>2</sup>, Алиева Севиндәж Ибрафил қызы<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
(76, Абай көшесі, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
<https://orcid.org/0000-0002-7748-0925> E-mail: [utegenov.marat02@gmail.com](mailto:utegenov.marat02@gmail.com)  
Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
(76, Абай көшесі, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы)  
PhD докторант, ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0009-0008-9109-2794> E-mail: [shagbanbektasov@gmail.com](mailto:shagbanbektasov@gmail.com)

<sup>3</sup>Баку инженерлік университеті  
(120, Хасан Алиев көшесі, Хырдалан қ., AZ0101, Әзербайжан Республикасы)  
тарих ғылымдарының докторы, профессор  
<https://orcid.org/0000-0003-0374-8551> E-mail: [sevincaliyeva2000@gmail.com](mailto:sevincaliyeva2000@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТАЭ, 2026  
© Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С. 2026

### Аңдатпа

*Kіріспе.* Мақала 1928 жылы Қазақстанда жүргізілген бай шаруашылықтарын тәркілеу науқанының аймақтық деңгейде іске асырылу ерекшеліктерін, нақтырақ айтқанда Петропавл және Ақмола округтеріндегі жергілікті билік органдарының қызметі мен қолданған әдістерін талдауға арналған. Кеңестік тарихнамада бұл науқан ұзақ уақыт бойы әлеуметтік әділеттілік шарасы ретінде бағаланса, қазіргі зерттеулер оны репрессиялық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қайта қарастыруда. Мақалада қарастырылған тәркілеу механизмдерінің нақты жүзеге асырылуы және оның салдарлары заманауи ғылыми тұжырымдамаларға негізделген. *Зерттеудің мақсаты* – Ақмола және Петропавл округтеріндегі бай шаруашылықтарын тәркілеу үдерісін салыстырмалы талдау арқылы жергілікті биліктің репрессиялық саясатты іске асырудағы рөлін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін тәркілеудің саяси-идеологиялық негіздері, округтік және аудандық комиссиялардың құрылымы мен қызметі, үгіт-насихат тетіктері, сондай-ақ тәркілеу нәтижелерінің әлеуметтік-экономикалық салдары қарастырылды. *Зерттеу нәтижелері* архивтік деректер негізінде: СҚО, Ақмола облыстарының архивтері, ҚР ОМА - тәркілеу науқанының формалды түрде заңдастырылғанымен, іс жүзінде экономикалық критерийлердің жиі бұрмаланғанын көрсетеді. Жергілікті билік органдары «әлеуметтік қауіптілік» ұғымын кеңінен қолданып,

шаруашылықтарды жасанды біріктіру, аумақтық санаттарды өзгерту және туыстық байланыстарды есепке алмау сияқты әдістер арқылы репрессия ауқымын кеңейткен. Сонымен қатар, тәркілеудің ауыл шаруашылығына нақты экономикалық әсері шамалы болғаны анықталды. *Қорытынды.* Мақалада Петропавл мен Ақмола округтеріндегі тәркілеу тәжірибесі кеңестік биліктің қазақ қоғамына қатысты әлеуметтік-инженерлік саясатының репрессиялық сипатын айқын көрсетеді. Бұл науқан кейінгі ұжымдастыру, ашаршылық және жаппай саяси қуғын-сүргіндерге жол ашқан маңызды тарихи кезең ретінде бағаланады.


**Түйін сөздер:** Бай шаруашылықтарын тәркілеу, жер аудару, Петропавл округі, Ақмола округі, репрессиялық саясат, жергілікті билік органдары

**Алғыс.** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» тақырыбындағы *бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру* аясында даярланды.


**Дәйексөз үшін:** Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С. Солтүстік Қазақстандағы бай шаруашылықтарын тәркілеу (1928 ж.) тарихынан// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 565–583 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_2\_565-583.


## ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.)

*Утегенов Марат<sup>1\*</sup>, Бектасов Шагбан<sup>2</sup>, Алиева Севиндж Исрафил гызы<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова  
(76, ул. Абая, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор  
 <https://orcid.org/0000-0002-7748-0925> E-mail: [utegenov.marat02@gmail.com](mailto:utegenov.marat02@gmail.com)

\* Автор-корреспондент

<sup>2</sup>Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова  
(76, ул. Абая, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан)  
PhD докторант, научный сотрудник  
 <https://orcid.org/0009-0008-9109-2794> E-mail: [shagbanbektasov@gmail.com](mailto:shagbanbektasov@gmail.com)

<sup>3</sup>Бакинский инженерный университет  
(120, ул. Гасана Алиева, г. Хырдалан, AZ0101, Азербайджанская Республика)  
доктор исторических наук, профессор  
 <https://orcid.org/0000-0003-0374-8551> E-mail: [sevincaliyeva2000@gmail.com](mailto:sevincaliyeva2000@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С. 2026

### Аннотация

*Введение.* Статья посвящена анализу особенностей реализации на региональном уровне кампании по конфискации хозяйств баев, проведенной в Казахстане в 1928 году, а именно – деятельности и методов местных органов власти в Петропавловском и Акмолинском округах. В советской историографии данная кампания долгое время оценивалась как мера социальной справедливости, тогда как современные исследования пересматривают ее как составную часть репрессивной политики. В этом ракурсе основной фокус статьи сосредоточен на практической реализации механизмов конфискации и ее последствиях. *Цель и задачи исследования* – определить роль местной власти в осуществлении репрессивной политики путем сравнительного анализа процесса конфискации хозяйств баев в Акмолинском и Петропавловском округах. Для достижения этой цели рассмотрены фонды архивов ЦГА РК, ГА СКО, ГА Акмолинской области, изучены политико-идеологические основы конфискации,

структура и деятельность окружных и районных комиссий, механизмы агитационно-пропагандистской работы, а также социально-экономические последствия конфискации. *Результаты* исследования, основанные на архивных данных, показывают, что, хотя кампания по конфискации была формально узаконена, на практике экономические критерии часто искажались. Местные органы власти широко использовали понятие «социальной опасности», расширяя масштабы репрессий за счет таких методов, как искусственное объединение хозяйств, изменение территориальных категорий и игнорирование родственных связей. Кроме того, было установлено, что реальное экономическое влияние конфискации на сельское хозяйство оказалось незначительным. *Выводы.* В статье отмечается, что опыт конфискации в Петропавловском и Акмолинском округах наглядно демонстрирует репрессивный характер социально-инженерной политики советской власти в отношении казахского общества. Данная кампания оценивается как важный исторический этап, открывший путь к последующей коллективизации, голоду и массовым политическим репрессиям.

**Ключевые слова:** Конфискация байских хозяйств, выселение, Петропавловский округ, Акмолинский округ, репрессивная политика, местные органы власти

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках ПЦФ Комитета Науки МНВО РК по теме «BR24993057 Фундаментальные исследования основных категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессов их полной реабилитации».

**Для цитирования:** Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С. Из истории конфискации байских хозяйств в северном Казахстане (1928 г.)// Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 565—583. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_2\_565-583.

### Кіріспе

XX ғасырдың 20-30-жылдары кеңестік билік пен БК(б) партиясы тарапынан қазақ ұлтына қатысты жүргізілген мемлекеттік саясат утопиялық әлеуметтік инженерия әрекеті деп тануға болады. Осы кезеңде қазақтың көшпелі қоғамын жоғарғы билік көздеген пішімде түбегейлі өзгертіп, кеңестік құрылыстың мүддесіне қызмет жасайтын азамат қалыптастыру жолында іс-әрекет жасаған өлкелік және жергілікті партиялық және кеңестік билік органдарының міндеті қоғамды жоспарлы түрде қайта құруға бағытталған болатын.

1925 жылы Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалған Ф. И. Голощекин байды кеңестік билікке қарсы негізгі әлеуметтік күш ретінде анықтап, оны жоюды республикалық биліктің алдында тұрған міндет деп таныды (Голощекин, 1931: 238). 1925–1928 жылдың бірінші жартысына дейінгі аралықта бұл саяси ұстаным мемлекеттік билік бағытына айналып, оны жүзеге асыруға қажетті дайындық жұмыстары жүргізілді. 1928 жылдың екінші жартысында Қазақстанның барлық аймағында жүзеге асырылған қазақ байларының шаруашылығын тәркілеп, өздерін жер аудару науқаны кезінде, ресми деректерге сәйкес, 700-ге жуық адам жазаланды («Саяси қуғын-сүргін, 2022б: 389). Кеңестік кезеңде тәркілеу «қанаушы тапқа» қарсы әділетті күрес ретінде бағаланса, тәуелсіздік жылдарында бұл саясат репрессиялық сипаттағы шара ретінде қайта бағаланды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі факторға негізделеді. Біріншіден, 1928 жылғы тәркілеу науқаны – кейінгі жаппай ұжымдастыру мен ашаршылыққа апарған репрессиялық саясаттың бастауы болғандықтан, оның механизмдерін терең зерттеу тарихи жадыны қалпына келтіру үшін маңызды. Екіншіден, бұл науқанның аймақтық деңгейде қалай жүзеге асырылғаны әлі де толық зерттелмеген. Қазіргі тарихнамада тәркілеу мәселесі негізінен жалпы республикалық көлемде қарастырылып, жекелеген округтердегі ерекшеліктер назардан тыс қалуда. Осы тұрғыдан зерттеу барысында архив құжаттары негізінде Ақмола, Петропавл округтеріндегі жергілікті биліктің байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу науқанын жоспарлау, іске асыру барысындағы әрекеті, және осы науқанның салдарлары аймақтық деңгейде талданды.

Зерттеудің нысаны – Петропавл, Ақмола округтеріндегі 1928 жылғы бай шаруашылықтарын тәркілеу науқаны және жергілікті билік органдарының осы науқанды жүзеге асырудағы қызметі мен әдістері.

Зертеу мақсаты – Ақмола, Петропавл округтеріндегі бай шаруашылықтарын тәркілеу барысын салыстырмалы талдау арқылы жергілікті биліктің репрессиялық саясатты жүзеге асырудағы рөлін анықтау.

### **Материалдар мен зерттеу әдістері**

Зерттеудің деректік негіздерін ҚР Президенті архиві, Қазақстан республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві, сонымен қатар Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары, байлардың мал-мүлкін тәркілеуге тікелей қатысқан тұлғалар жарыққа шығарған басылымдар құрады. Жекелеп айтатын болсақ, Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Президенті архивінің 141-қорында сақталған № 2064 «Материалы по конфискации хозяйств баев, полуфеодалов по Акмолинскому округу» ісіндегі құжаттар қолданылды. ҚР Орталық Мемлекеттік Архивінің № 135 қоры тәркілеуге ұшыраған тұлғалардың жеке істері сақталған. Петропавл округінің атқару комитетінің істері СҚМА-інің № 195 қорында жинақталған.

2021–2024 жылдары Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссиясының материалдары 52 томдық басылым болып жарыққа шықты. Осы басылымның 2-томында байлардың мал-мүлкін тәркілеуге қатысты барлық республика көлемінде құжаттар жинақталса, 23-томында Ақмола өңірінің, 32-томда Петропавл округіндегі осы науқанға қатысты деректер келтірілген.

Қосымша дереккөз ретінде зерттеліп отырған аудандарда тәркілеу шараларын тікелей басқарған тұлғалардың шағын көлемдегі басылымдары қолданылды. Петропавл округіне қатысты жинақталған еңбек ретінде М. Қайыпназаровтың «Кәмпеске туралы» атты еңбегін атауға болады (Қайыпназарұлы, 1928). Осыған ұқсас атаумен белгілі басылымды Ақмола округіндегі «кәмпескелеу» науқанын қадағалауға келген өлкелік билік уәкілі С. Сапарбеков те жазған (Сапарбекұлы, 1929). Бұл басылымдардың құндылығы – саяси науқанды басқарып, басы-қасында болған лауазымды шенеуніктердің саяси іс-шараны өз деңгейінде сипаттап, баға беруімен ерекшеленеді.

Зерттеудің әдістемелік негізін тарихи-хронологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістер, микротарихи зерттеу және архив құжаттарын талдау мен синтездеу сияқты тәсілдер құрады; тарихи-хронологиялық әдіс бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі мемлекеттік шешімдердің қабылдануынан бастап, олардың тікелей жүзеге асырылуына дейінгі оқиғалар тізбегін қалпына келтіруге мүмкіндік берсе, тарихи-салыстырмалы әдіс Ақмола және Петропавл округтеріндегі байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқанының жалпы және жеке белгілерін салыстыра көрсетуге, микротарихи зерттеу жеке шаруашылық істерін терең қарастырып, репрессияны кеңейту тетіктері мен әкімшілік озбырлықты ашуға, ал архив құжаттарын талдау және синтездеу деректерді жүйелі түрде жинақтап, тарихи контекстке енгізуге мүмкіндік берді.

### **Талқылау**

1920-шы жылдардың соңындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу – ғылыми тұрғыдан едәуір зерделенген тақырып. Кеңес тарихшылары бұл құбылысты көбіне жалпылама сипаттады. Олар науқан қарсаңындағы қазақ ауылының ахуалын марксистік ілімге сүйене отырып талдап, «бай» деп аталған әлеуметтік топты кертартпа, қанаушы тап ретінде көрсетті. Кеңестік уақыт кзіндегі зерттеулерде науқанның барысы, әдетте, тәркіленген шаруашылықтардың саны, алынған мүлік көлемі, кедейлер мен ұжымшарларға бөлінген мал мөлшері сияқты статистикалық деректерді келтірумен шектелді. Ал өлкелік және жергілікті билік органдарының іс-әрекеті зерттеу нысанына айналмады. Идеологиялық шектеулерге қарамастан, кеңестік кезеңдегі зерттеулер құнды деректерді ғылыми айналымға енгізді.

Аталған еңбектер ішінде А. П. Кучкиннің «Советизация казахского аула 1926–1929 гг.» (1962) монографиясын атап өтуге болады. Еңбектің VI тарауы бай шаруашылықтарын тәркілеу мәселесіне арналған. Автор тәркілеу науқанының саяси-идеологиялық негіздемесін, республика бойынша жүзеге асырылу барысын таптық-идеологиялық тұрғыдан талдайды (Кучкин, 1962). Кучкин Ақмола, Петропавл және басқа округтердегі үгіт-насихат жұмыстарын салыстырмалы түрде қарастырғанымен, тәркілеуді «бай-жартылай феодалдарға қарсы әділетті күрес» аясында түсіндіріп, оның құрбандарын тек «қанаушы тап» өкілдері ретінде ғана таниды.

А. Б. Тұрсынбаевтың «Победа колхозного строя в Казахстане» (1957) монографиясы тәркілеу науқанын ұжымдастыруға өту жолындағы маңызды кезең ретінде ұсынады. Автор тәркілеуді «бай-жартылай феодалдарды тап ретінде жою» үдерісі ретінде сипаттап, оны жергілікті бұқараның қолдауымен жүзеге асырылған тарихи қажеттілік деп бағалайды (Тұрсынбаев, 1957). Алайда шаруашылықтарды жасанды біріктіру, отбасылардың күшпен жер аударылуы, жергілікті комиссиялардың әкімшілік озбырлықтары тәрізді мәселелер еңбекте талдау нысаны қатарына енгізілмейді.

Аймақтық тарихнамада Б.Г. Горвицтің «Северо-Казахстанская область в годы мирного социалистического строительства (1921–1941 гг.)» (1957) еңбегі тікелей Петропавл округіндегі тәркілеу науқаны қамтылған. Автор Бейнетқор ауданындағы кедей жиналыстарын, «Қосшы» одағының рөлін, кедей-батрақ конференцияларын егжей-тегжейлі баяндап, тәркілеуді жергілікті бұқараның белсенді қолдауымен жүзеге асырылған шара ретінде ұсынады (Горвиц, 1957). Бірақ бұл еңбек те кеңестік тарихнамаға тән негізгі шектеулерден арыла алмаған: жергілікті билік әрекетіндегі заңсыздықтар, «әлеуметтік қауіптілік» ұғымын кеңінен қолдану назардан тыс қалған.

Тәуелсіздік кезеңінде байлардың мал-мүлкін тәркілеу мәселесі ұжымдастыру, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін және депортациялар сынды түйінді тақырыптармен бірге белсенді зерттеле бастады. Бұл бағытта М. Қозыбаев, Ж. Әбілхожин, Қ. Алдажұманов (Қозыбаев и др., 1992), М. Қойгелдиев (Койгелдиев, 2009), Т. Омарбеков сынды ғалымдар маңызды үлес қосты. Олардың еңбектері бұрын жабық болған архив қорларына сүйенуімен және кеңестік тарихнамада елеусіз қалған мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді.

Аталған зерттеушілер арасында Т. Омарбековтың «20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті» еңбегінде тәркілеу науқаны жан-жақты қарастырылған (Омарбеков, 1997). Тарихшы кеңестік тарихнаманың қалыптасқан тұжырымдарын сыни тұрғыдан қайта қарап, нақты статистикалық деректерге сүйене отырып, байлардың қазақ қоғамындағы үлес салмағының шамалы болғанын, олардың шаруашылықтарының салыстырмалы түрде қарапайым сипатта болғанын көрсетеді. Автордың пікірінше, дәстүрлі қазақ ауылында антагонистік таптық қайшылықтар орын алмаған, ал марксистік таптық теорияны көшпелі қоғамға қолдану жасанды сипатта болды. Еңбектің ерекше құндылығы – тәркіленгендердің арыз-шағымдарының алғаш рет ғылыми айналымға енгізілуі. Сонымен қатар автор тәркіленген мал-мүлкті қайта бөліске салу саясатының экономикалық тиімсіздігін нақты есептеулер арқылы дәлелдейді.

1928 жылғы бай шаруашылықтарын тәркілеудің қазіргі тарихнамасы оның әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық салдарларын қамтитын көпқырлы ғылыми дискурсты қалыптастырады. Маңызды еңбектердің бірі – С. А. Жакишеваның «Элиминация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии» атты монографиясы (Жакишева, 2021). Автор контент-талдау, математикалық-статистикалық тәсілдер және цифрлық технологиялар секілді пәнаралық әдістерді кеңінен қолданады.

Байлардың мал-мүлкін тәркілеу мәселесінің тұжырымдамалық негізін жаңаша қарастыруда З. Е. Қабылдиновтың «Баи Казахстана - опора казахского народа» атты мақаласын атап өткен дұрыс (Қабулдинов, 2022). Автор байларды дәстүрлі қазақ қоғамының экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз еткен, мал шаруашылығын ұтымды жүргізудің көп ғасырлық тәжірибесін жинақтаған әлеуметтік топ ретінде сипаттайды. Мақалада тәркілеу

науқанының заңнамалық негізі – БОАК Президиумының 1928 жылғы 14 наурыздағы қаулысынан бастап, 30 тамыздағы нұсқаулыққа дейінгі құжаттар жүйелі түрде талданған.

Бай шаруашылықтарын тәркілеуге арналған аймақтық зерттеулер де назар аударарлық. Мәселен, Рашит Оразовтың «Жетісу: қазақ байларын тәркілеудің барысы мен салдары» мақаласында Жетісу өңіріндегі тәркілеу науқанының жергілікті халыққа әсері зерделенеді (Оразов, 2015). Қазақстандағы 1928 жылғы тәркілеудің қазіргі тарихнамасы бұл үдерістің әлеуметтік-экономикалық және саяси қырларын талдауға бағытталған. Осы бағыттағы маңызды зерттеулердің бірі – Г.Қ. Кенжебаев, З.Е. Қабылдинов және Т.А. Рысқұловтың «1928 жылдың ақпан–тамыз айларында Қазақстанның ірі бай шаруашылықтарын тәркілеуді жүргізу бойынша Қазөлкекомның дайындық жұмысы» атты мақаласы (Кенжебаева және басқалары, 2024). Бұл мақала 1928 жылғы қазақ байларын тәркілеу науқанының дайындық кезеңіне (ақпан-тамыз) арналған деректанулық зерттеу болып табылады. Ол орталық партиялық-кеңес органдарының шешім қабылдау механизмін қайта құра отырып, бұл саясаттың тек экономикалық емес, сонымен қатар дәстүрлі элитаны жоюға бағытталған саяси-идеологиялық сипатын ашып көрсетеді. Посткеңестік сыни тарихнама ағымдарын жалғастыратын бұл жұмыс, тәркілеудің жергілікті деңгейдегі іске асырылуын зерттейтін еңбектермен өзара толықтырылып, репрессиялық аппараттың жұмысын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Өңірлік зерттеулер қатарында А. А. Сейтқасымовтың «1920–1950 жылдардағы Ақмола, Көкше-Есіл, Атбасар өңіріндегі саяси қуғын-сүргін» монографиясын атауға болады (Сейтқасымов, 2025). Автор Ақмола облыстық архиві мен ҚР ҰҚК арнайы архивінің құпиясы ашылған құжаттарына сүйене отырып, кәмпеске науқанының жергілікті деңгейде қалай жүргізілгенін микротарих деңгейінде зерттейді. Еңбектің құндылығы – тәркіленгендердің жеке арыз-шағымдары мен сот істерін алғаш рет ғылыми айналымға енгізуінде.

Петропавл округіндегі тәркілеу науқанының тағы бір қыры А.Ф. Ибраева, Ә.С. Темірханова және Б.Ж. Қабдөшевтің «Алаш зиялылары және байлардың шаруашылығын тәркілеу мәселелері» атты мақаласында ашылған (Ибраева және басқалары, 2023). Авторлар Алаш қайраткерлерінің – М. Тынышпаев, М. Дулатов және басқалардың – тәркілеу науқанына қарсы ұстанымын архив құжаттары негізінде талдайды. Зерттеушілер тәркіленетін шаруашылықтардың мал санының шекті нормасын арттыру арқылы репрессия ауқымын тарылтуға тырысқан қазақ зиялыларының әрекеттерін нақты мысалдармен дәлелдейді. Бұл еңбек тәркілеу науқанына қазақ қоғамының саяси белсенді бөлігінің көзқарасын ашуымен ерекшеленеді.

Шетелдік ғалымдардың еңбектері де бұл тақырыптың халықаралық деңгейде зерттеліп отырғанын көрсетеді. Атап айтқанда, И. Огайонның «Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 г.г.)» монографиясында 1928 жылғы тәркілеу науқаны кеңестік «әлеуметтік инженерияның» құралы ретінде сипатталады (Огайон, 2009). Автор тәркілеу комиссияларының жұмысын, кедей-батрақтарды науқанға тарту механизмдерін және рулық құрылымның таптық саясатқа кедергі келтіргенін нақты мысалдармен дәлелдейді. Огайон тәркілеудің негізгі мақсаты экономикалық теңдік орнату емес, дәстүрлі элитаның саяси және әлеуметтік беделін жою болғанын көрсетеді.

Р. Киндлердің «Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане» монографиясы тәркілеу науқанын талдауымен ерекшеленеді (Киндлер, 2017). Киндлер «Кіші Қазан» деп аталған бұл науқанды кейіннен бүкіл халыққа қолданылатын репрессиялық әдістердің «бас репетициясы» ретінде қарастырады. Киндлер биліктің әрекетіне әлеуетті қауіп болып саналған адамдарды, бұрынғы патша әкімшілігінің қызметкерлерін, қазақ элитасының өкілдерін жазалау болды. Сонымен қатар, автор «таптық күрес» атымен рулар арасындағы қақтығыстар жүргізілген деп санайды.

Тарихнамаға жаңа деректерді Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары, соның ішінде Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары бойынша басылымдар енгізіп отыр (Саяси қуғын-сүргін, 2022а, ә). Бұл жинақта тәркілеудің өңірлік қырларын ашатын құнды архив құжаттары қамтылған.

Қорытындылай келе, бай шаруашылықтарын тәркілеу мәселесіне арналған қазіргі зерттеулер архив деректерінің кең қорын пайдалана отырып, математикалық-статистикалық талдау мен пәнаралық тәсілдерді белсенді қолданады. Бұл осы тарихи үдерісті және оның Қазақстан үшін ұзақ мерзімді салдарларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

### Нәтижелер

1927 жылы 15-27 қарашада өткен Қазақстан өлкелік БК(б)П комитетінің VI конференциясында бай шаруашылықтарын тәркілеуге қатысты шешім қабылданды. Ал 1928 жылдың ақпан айында бай шаруашылықтарын рәсімдейтін заңнамалық құжаттар жобаларын дайындау жөніндегі комиссия құрылды (Зулкашева, 2013: 345). 1928 жылдың 25 ақпанында БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшылығы «байларды экспроприациялау туралы декретті өңдеу жөніндегі комиссияны ұйымдастыру туралы» шешім қабылдады. Бұл шешімге сәйкес, Ораз Исаев, Нығмет Нұрмақов және Садықбек Сапарбеков құрамындағы комиссияға экспроприация туралы декрет жобасын дайындау тапсырылды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 1827а-іс. 153-п.). Бұның өзі тәркілеу науқанының заңнамалық негізін дайындау жұмысы республикалық деңгейде ерте басталып, науқанның жоспарлы сипатын айқын көрсетеді.

Осы дайындық жұмыстарының нәтижесінде 1928 жылғы 27 тамызда ҚазАКСР Орталық атқару комитеті (бұдан әрі – ОАК) және Халық комиссарларының кеңесінің (ХКК) «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулысы қабылданды. Тәркілеу және жер аудару науқанына қатысты іс-шараларды реттейтін орталық және округтік комиссиялар құрылды.

Тәркілеу науқанының жоспарлы сипатын және оның тек экономикалық емес, саяси-репрессиялық мәнін ашатын ең айқын дереккөздердің бірі 1928 жылдың 14 тамызындағы Петропавл округтік комитетінің жергілікті партиялық ұйымдарға жіберген құпия нұсқаулығы болып табылады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 68-69-п.). Бұл құжат ресми декрет (27 тамыз) шығарылғанға дейін, яғни 13 күн бұрын жасалған. Онда науқанның негізгі мақсаты ретінде мүлкін тәркілеуден гөрі «ауылдағы саяси агенттер — атқамінерлерді анықтау» көрсетіледі. Нұсқаулықта экономикалық белгілермен (мал саны) қоса, жекелеген адамдардың «элеуметтік қауіптілік» дәрежесін анықтау критерийлері берілген: ақсақалдар сотына қатысу, рулық күрестегі рөлі, Кеңес сайлауына ықпал ету, саудагерлік. Бұл тізімдер тек бай-шаруа ретінде емес, дәстүрлі қоғамда беделді, элеуметтік беделі бар тұлғаларды нысаналағанын дәлелдейді.

Петропавл округіндегі құпия нұсқаулықпен қатар, Ақмола округінде де ресми декрет шығарылғанға дейін дайындық жұмыстары жүргізілгенін архив құжаттары растайды. 1928 жылдың 14 тамызында Ақмола округтік атқару комитетінің Президиумы «тәркілеуді түсіндіру жөнінде» арнайы қаулы қабылдаған (АҚМА. 106-қ. 1-т. 85-іс. 305-п.). Бұл құжат науқанның алдын ала жоспарланғанын және жергілікті биліктің оған белсенді дайындалғанын көрсетеді.

Бұл құжат алдағы репрессиялардың ауқымын жоққа шығарып, репрессияның тек ірі байларға бағытталатынын баяндайтын үгіт-насихаттық құрал қызметін атқарды. Алайда құпия да, жария да болған осы екі құжаттың ортақ мәні ұйымдастыру шараларын (комиссиялар құру, жиналыстар өткізу) жоспарлау болатын. Ақмола округтік атқару комитеті құжатының негізінде бұқараны жариялылық арқылы тыныштандыру және тәркілеуге қатысты «қауесет тарату» сияқты кез келген қарсылық түрінің алдын алуға бағытталған екіұдайлы ұстаным жатты.

1928 жылғы 28 тамызда БК(б)П-ның Петропавл округтік комитеті бюросының қаулысымен округтік комиссия құрылды, оның төрағасы болып округтік атқару комитеті төрағасының орынбасары Оразғали Бураев тағайындалды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 21-п.). Комиссия құрамына округтік БМСБ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма - авторлар) бөлімінің бастығы Ю.Ю. Валиниэк, округтік жер басқармасының өкілі Бекенев, «Қосшы» одағы округтік бөлімшесінің өкілі Желтаев, Жер және орман қызметкерлері кәсіподағының (Рабземлес) өкілі Кадырбаев кірді. Сонымен қатар, округтік прокурор Саттығұлов енгізілді.

Ал 1 қыркүйекте Ақмола округінде де партия комитеті бюросының шешімімен дәл осындай округтік комиссия құрылып, оның төрағасы ретінде округтік атқару комитеті төрағасы Ыдырыс Көшкінов тағайындалды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 63-п.). Комиссия

құрамына округтік БМСБ бөлімінің бастығы И. Ф. Калашников, округтік жер басқармасы өкілі Бектұрғанов, «Қосшы» одағының округтік бөлімшесінің төрағасы М. Есжанов, кәсіподағының өкілі Ахметов, сондай-ақ кеңесші дауыспен округ прокуроры Құлымбетов кірді.

Бай шаруашылықтарын тәркілеу және иелерін жер аудару шараларын бақылау және үйлестіру мақсатында ҚазАКСР-дің Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі әр округке арнайы уәкілдерін жіберді. Ақмола округіне Қазақ өлкелік партия комитетінің үгіт, насихат және баспасөз бөлімі меңгерушісі Садықбек Сапарбеков, Петропавлға БК(б)П Қазақ өлкелік бақылау комиссиясы партиялық алқасының жауапты хатшысы Хамза Жүсіпбеков аттандырылды (Зулкашева, 2013: 393).

Бай шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару туралы қаулы жарияланғаннан кейін округтік билік тарапынан бұл шараны іске-асырудың нақты жоспары қабылданды. Мысалы, Петропавл округінде Х. Жүсіпбеков бастаған топтың жоспарына сәйкес «кәмпеске» науқаны төрт кезеңге бөлінген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 54-55 пп.). Осы кезеңдерді іске асыру үшін нақты іс-шаралар қарастырылған: бірінші кезеңде өкілдерді аудандар мен ауылдарға жіберу, аудандық комиссиялар құру, тәркіленетін және жер аударылатын шаруашылықтардың тізімін бекіту ұйымдастыру жұмыстары қарастырылған. Екінші кезеңде үгіт-насихат жұмыстары: кедейлер мен батрақ жиналыстары, аудандық кедей-батрақ конференциялары, тәркілеу мәселесін аудан активтері мен ауылдық, деревнялық ұяшықтарда талқылау кірген. Үшінші кезең барысында тәркілеу жұмыстары іске асырылуы тиіс болған. Төртінші кезеңде тәркілеу нәтижелері бекітілуі тиіс еді. Бұл халықты атқарылған істер туралы хабардар ету арқылы жүзеге асырылады деп саналды.

Петропавл округіндегі қазақ аудандарына тәркілеу науқанын ұйымдастыру үшін округтің арнайы уәкілдері жіберілді. Көкшетау ауданына Ысқақов, Бейнетқор ауданына М. Қайыпназаров, Қызылту ауданына Каспақбаев, Еңбекшілдерге Бекенов, Октябрь ауданына Жүсіпов, Тонкерей ауданына Қожмұхаметов, Қызыласкер ауданына Данияров уәкіл ретінде тағайындалған (Саяси қуғын-сүргін, 2022ә: 48.). Ақмола округінде округ уәкілі ретінде Нұра ауданына Жолдасбаев, Қорғалжынға Бектұрғанов, Атбасарға Айтмамбетов, Еркіншілік ауданына Нұртазин, Азат ауданына Қазбеков, Асанқайғы ауданына Ишанов пен Мухеев, Ақмола ауданына Мәмбеев жіберілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 63-64-пп.).

Аталған уәкілдер аудандық комиссияларды ұйымдастырып, олардың төрағалары болып тағайындалды. Комиссия құрамына округтік уәкілден бөлек, екі адам аудандық атқару комитетінен, аудандық жер басқармасының меңгерушісі, «Қосшы» одағынан және «Рабземлес» кәсіподағынан бір-бір өкіл енгізілді. Аудандық комиссиялар тәркілеу іс-шараларын БМСБ мен милицияның көмегімен тікелей жүзеге асырды.

Билік үгіт-насихат жұмысына ерекше мән беріп, өз әрекеттеріне идеологиялық негіздеме мен заңдылық беру мақсатында халықты жұмылдыруға тырысты. Бұл әлеуметтік инженерияның классикалық әдісі болды. Кеңестік билік қазақ қоғамының дәстүрлі құндылықтар жүйесін бұзып, оның орнына таптық антагонизмге негізделген жаңа әлеуметтік сананы қалыптастыруға тырысты. Үгіт-насихат арқылы «бай» ұғымы «халық жауы» деңгейіне көтеріліп, туыстық, рулық байланыстар әлеуметтік зұлымдық ретінде көрсетілді. Осылайша билік қазақ ауылының ішкі ынтымағын бұзып, оны өзара қарсыластық пен сенімсіздік ахуалына түсіруді мақсат етті.

Округтегі жергілікті билік органдары бұл шешімді жүзеге асыру мақсатында қазақ ауылдарында үгіт-насихат шараларын ұйымдастырды. Бұл шаралар кедейлер жиналысы, батрақтар конференциясы түрінде өтті. Оған «Қосшы» одағы, коммунистік және комсомолдық ұяшықтар мен кәсіподақ ұйымдары белсенді қатысты.

Ақмола округінде кедей-батрақ шаруалар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіліп, С. Сапарбековтың айтуынша «округтің ішінде 608 жерде жиылыс болды. Ол жиылыстарға жалпы қатысқандардың саны 36 мың 86 адам, мұның 6,817-сі әйел. 8-аудандық конференцияға 1,537 кедей, батырақ өкілдері қатысты» (Сапарбекұлы, 1929:10).

М. Қайыпназаровтың есебіне сәйкес, Петропавл округінде байларды тәркілеу мақсатын түсіндіру үшін 399 жиналыс өткізіліп, оған 58 440 адам қатысқан. Олардың ішінде 10 037 әйел,

3 595 батрақ, 31 916 кедей және 11 889 орта шаруалар болған (Қайыпназарұлы, 1928: 4).

Мұндай жаппай шаралар туралы сандық деректер күмән тудырса да, мұндай есептер жұмыс жүргізген қызметкерлердің белсенділігін көрсету үшін дайындалуы мүмкін. Осындай ойды зерттеуінде И. Огайон да алға тартады: «Тәркілеу жөніндегі Комиссияның қорларында жиналыстарға қатысушылар саны мен дауыс беру нәтижелерінің жүйелі әрі қатаң түрде есепке алынбауы республика көлемінде халықтың жалпы белсенділігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік бермейді» (Огайон, 2009: 68).

Архив деректеріне сүйенсек, өлкелік билік тарапынан Ақмола округіне тәркілеу науқаны барысында бірінші категория бойынша 37, екінші категория бойынша 8 шаруашылықты, ал Петропавл округіне сәйкесінше 19 және 5 шаруашылықты жазалу туралы жоспар түсірілген (ҚР ОМА. 5-қ. 21-т. 15-іс. 66-п.).

1928 жылдың 7 қыркүйегінде Петропавл округтік партия комитетінің хатшылығы Қызылордадан келген 24 шаруашылық тізімін бекіте отырып, Өлкелік комитеттен тағы 9 шаруашылықты қосымша қосуды сұраған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 70-п.). Бұл жергілікті биліктің репрессия ауқымын кеңейтуге ұмтылғанын көрсетеді.

1928 жылғы 21 қыркүйекте Петропавл округтік атқару комитеті, «Ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу және иелерін жер аудару туралы» қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес, 34 шаруашылық Петропавл округі аумағынан тыс жерге, ауыл шаруашылығына қатысты барлық мүлкі тәркіленіп, жер аударылуға тиіс болды (Саяси қуғын-сүргін, 2022ә: 49-50). Дәл осындай қаулы Ақмола округтік атқару комитеті тарапынан 1928 жылдың 26 қыркүйегінде қабылданды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 52-п.). Бұл қаулыда шаруашылығы тәркіленіп, жер аударылатын 46 адамның тізімі берілген.

Петропавл және Ақмола округтік атқару комитеттерінің тәркілеу туралы қаулыларын салыстыру жергілікті биліктің бұл науқанды жүзеге асырудағы тәсілдерінің әртүрлі болғанын көрсетеді. Петропавл округінің 1928 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысы таза әкімшілік-құқықтық құжат сипатында болып, тәркіленетін шаруашылықтардың тізімін және жер аудару тәртібін ғана қамтыса, Ақмола округінің 26 қыркүйекте қабылданған қаулысы кең идеологиялық негіздемемен толықтырылған. Ақмола қаулысында «жартылай феодалдық қалдықтар», «қанау» сияқты айыптаушы терминология белсенді қолданылып, әр тәркіленуші адамға жеке сипаттама берілген. Бұл айырмашылық округтік биліктің науқанға деген көзқарасының әртүрлілігін және қаулылардың әртүрлі аудиторияға бағытталғанын көрсетеді.

Петропавл округтік атқару комитетінің қаулысында көрсетілген адамдар мен олардың отбасылары Ақтөбе округіне жер аударылуы тиіс деп белгіленді. Құжатта жер аударылғандар 15 қазаннан кешіктірмей, екі апта мерзім ішінде өз еркімен қоныс аудару керек екендігі ескертіліп, бұл мерзімнен кейін жер аудару шараларын БМСБ және милиция күштеп жүргізілетіні айтылған. Қаулыда «жоғарыда аталғандардан басқа ешқандай шаруашылықтар ҚазАКСР ОАК мен ХКК-нің 27.VIII.1928 жылғы қаулысына сәйкес тәркілеуге және жер аударуға жатпайды» делінген. Бұл тек нақты тізімдегі шаруашылықтардың ғана тәркілеуге және жер аударуға жататынын көрсетсе керек.

Архивтік құжаттарды талдау тәркіленетін шаруашылықтар тізімін қалыптастыру принциптерінің айқын болмағанын көрсетеді. Бұл мәселе бірнеше деңгейде байқалады. Біріншіден, округтік атқару комитеттерінің қаулыларымен бекітілген тізімдерге кейіннен елеулі өзгерістер енгізілгені назар аударады. Мәселен, Петропавл округтік атқару комитеті президиумының 1928 жылғы 2 қазандағы отырысында Сәдуақас Әбдукәрімов тізімнен шығарылып, оның орнына Қызылту ауданынан Мұхамедрахим Шаймерденов енгізілген. Сол отырыста Зайнула мен Сәдуақас Балғожиндерді жер аударудан босату туралы Өлкелік комиссияға өтініш жолданған (СҚМА. 195-қ. 1-т. 14-іс. 46-п. с.). Ұқсас жағдай Ақмола округінде де орын алған: мұнда Әлжан Молдабаев, Мұстафин Мұхтар, Сейдалин Нұрахметтің орнына Өтебаев Байдалы, Ахметов Қасым, Мұстафин Дәулетбек енгізілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2326-іс. 40-п.). Мұндай ауыстырулар тәркіленетін шаруашылықтарды іріктеу критерийлерінің объективтілігіне күмән келтіреді. Егер критерийлер нақты әрі тұрақты болса, бір тұлғаны екіншісімен алмастыру қалай мүмкін болды?

Екіншіден, өлкелік уәкіл Х. Жүсіпбековтің 1928 жылғы 13 қазандағы хатында тәркілеу есебін жүргізуге байланысты елеулі кемшіліктер көрсетілген. Атап айтқанда, ол тәркіленген 34 шаруашылықтың 19-ының мал саны бірінші санатқа енгізу үшін жеткіліксіз болғанын, алайда олардың «әлеуметтік қауіптілік» белгісі бойынша тәркіленгенін мойындаған. Оның мәліметтері бойынша, округтік есеп пен аудандық комиссиялар деректері арасында 30-35 % айырмашылық болған, ал Орталық комиссияның санақ парақтарында көптеген шаруашылықтардың мал саны туралы деректер мүлде көрсетілмеген. Бұл жағдай тәркілеу шешімдерінің нақты экономикалық көрсеткіштерге емес, өзге факторларға негізделгенін аңғартады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 116–119-пп.).

Үшіншіден, тәркіленгендердің шағымдарында өздерінен де ірі мал иелерінің тәркілеуге ілікпегені жөніндегі мәліметтер жиі кездеседі. Мысалы, 1928 жылғы 18 желтоқсанда БК(б)П ОК Бас хатшысы И. В. Сталинге жолданған Петропавл округінен жер аударылған 14 адамның ұжымдық шағымында республикалық оқу-ағарту қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Әбдірахман Байділдиннің әкесі, 12 жыл болыс билеуші, 18 жыл халық соты болған Байділда Құлмұхамедовтың тәркіленбегені атап көрсетілген. Сол шағымда 200 жылқысы, 150 ірі қарасы, 200 қойы бар, 15 жыл болыс билеуші қызметін атқарған Ахмет Саутбековтың да тәркілеуге тартылмағаны айтылған (ҚР ОМА. Р-135-қ. 1-т. 379-іс. 1–4-пп.).

Петропавл округінде тәркілеуге ұшыраған Ебіл Қаймулиннің Бүкілодақтық Коммунистік партияның Бақылау комиссиясына шағымында Әбдірахман Байділдин және оның әкесі Байділда Құлмұхамедов туралы атап кеткен. Дегенмен, осы шағымнан нәтиже шықпаған. Қазақстан бақылау комиссиясы 1929 жылғы наурызда Байділдинге тағылған барлық айыптауларды жоққа шығарып, мұнда «анық жала жабу сөз болып отырғанын» атап көрсеткен (Киндлер, 2017: 130–131).

Ақмола округінен Құсайын Шүлембаев өз кезегінде 1929 жылғы шағымында 72 бас малы үшін тәркіленгенін, ал 400 бас малы және Ақмола қаласында 10 000 сомдық үйі бар Молдабаевтардың тәркілеуден тыс қалғанын көрсеткен (ҚР ОМА. 135-қ. 1-т. 11-іс. 10–12-пп.). Құсайын Шүлембаевтың шағымында революцияға дейін болыс болған Асқар Ақтыбаев, Сәлмен Әуесов, Мақан Ақтыбаев и Исабай Шүкіниев есімдерін келтіре отырып, олардың тізімге енгенін де алға тартады.

Жалпы алғанда, келтірілген деректер тәркілеу науқаны барысында шаруашылықтарды іріктеу тетігінің ашық әрі объективті болмағанын, ал тізімдерді қалыптастыру кезінде экономикалық критерийлермен қатар рулық, жеке және саяси факторлардың да ықпал еткен болуы мүмкін екенін көрсетеді.

«Ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу және иелерін жер аудару туралы» қаулы жарияланғаннан кейін аудандық атқару комитеттері жер аударылушыларға тәркілеу мен жер аудару туралы құжаттарды табыстауға міндеттелді. Мысалы, Петропавл округтік атқару комитеті төрағасының қолы қойылған арнайы куәлік берілген. Бұл куәлікте тәркілеу мен жер аударуға негіз болған құжаттар, жер аударылатын отбасы мүшелерінің саны, олардың аты-жөндері мен туыстық дәрежесі, жер аудару мерзімі көрсетілген. Бұл куәлік Ақтөбе округтік атқару комитетіне тапсыру үшін қажет болған.

Ауылдарда бай мүлкін тәркілеу кезінде көмек көрсету комиссиялары құрылды. Бұл комиссиялар кедейлерді жұмылдырудың маңызды тетігіне айналды және экспроприация үдерісін бақылауды күшейтті. 15-25 адамнан тұратын бұл комиссиялар кедейлер жиналыстарында сайланып, тәркіленген мүлікті күзету, есепке алу, бөлу және жергілікті қарсылықпен күресу сияқты көптеген міндеттерді атқарды. М. Қайыпназаровтың деректеріне сәйкес, Петропавл округінде осындай 35 комиссия құрылып, олар шамамен 700 адамды қамтыған (Қайыпназарұлы, 1928: 4). Ал Ақмола округінде 26 ауылдық комиссия құрылып, құрамына 576 адам, соның ішінде 529 кедей мен батрақ, 45 коммунист, 78 комсомол мүшесі кірген (ҚР ПА. 141-қор. 1-т. 2064-іс. 41-п.).

Жергілікті билік тізімге іліккен шаруашылықтарға қатысты репрессиялық шараларды жүзеге асыру үшін 27 тамыздағы Декреттің 1-бабын пайдаланды. Бұл бапқа сәйкес, шаруашылықтың тәркілеп, өздерін жер аударуға көшпелі аудандарда — ірі қараға шаққанда

400 бастан астам малы бар мал өсірушілер; жартылай көшпелі аудандарда — 300 бастан астам; отырықшы аудандарда — 150 бастан астам малы бар тұлғалар жатқызылады. Сонымен қатар, «жеке жағдайда отырықшы аудандар бойынша Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесіне аталған норманы 100 басқа дейін төмендету құқығы беріледі» (Зулкашева, 2013: 744).

Петропавл округіндегі өлкелік билік өкілі Х. Жүсіпбековтің өзі мойындағандай, 19 шаруашылықтың мал саны бойынша бірінші топқа кіру үшін жеткіліксіз болса да, оларды 1-бапқа қатысты «2-ші ескертпе» негізінде тәркілеуге ұсынған. Яғни, мал басы белгіленген нормадан аз болса, тәркіленетін әр шаруашылыққа қатысты Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің жеке қаулысы қабылдануы тиіс болатын.

Дегенмен, тәркілеп, жер аударуға «заңды кейіп» беру үшін жергілікті билік тәркіленіп, жер аударылатын «байдың» туыстарының шаруашылығын сол «байдың» атына жаздырды, ал бұл амал бірнеше отбасын тәркілеп, жер аударуға себеп болды. Петропавл округіндегі шаруашылығы тәркіленген Рахымжан Шектібаевтың немере інісі Ахмет Айтжанов, Нұралы Шөлтіков пен оған үш-төрт атадан қосылатын Жанайдар Әмрин мен Жанғазы Қошанов немесе Кенжеғарин Шоқымның туыстары, Ақмола округінде Мырзахмет Оразбаев пен оның ұлы, Олжабай Нұралин мен оның ұлы Шайсұлтан Олжабаев секілді тәркілеуге ұшырағандар өздерінің Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне жазған арыздарында осындай заңды бұрмалаулар туралы атап кеткен.

Рахымжан Шектібаев пен немере інісі Ахмет Айтжановтың шаруашылықтары тәркіленіп, өздері жер аударылуы жергілікті биліктің озбырлығына мысал бола алады. Өз арызында Айтжанов КСРО БОАК Президиумына жазған арызында шаруашылығының дербестігін 1917, 1924–1928 жж. салық төлемі туралы түбіртектермен дәлелдеген. Оның есебіне сәйкес, тәркілеу жүргізілген сәтте оның жеке шаруашылығында 179 бас, ал Рахымжанның шаруашылығында 109 бас мал болған. Соған қарамастан, жергілікті комиссия аталған екі шаруашылықты бір «бай» шаруашылығы ретінде жасанды түрде біріктіріп, малдың жалпы санын 288 басқа жеткізген және осылайша норманың орындалғанын алға тартып, тәркілеу мен жер аудару шараларын жүзеге асырған. Аталған жағдай біздің зерттеу барысында айқындалған негізгі тетіктердің бірі — «шаруашылықтарды жасанды біріктіру» әдісінің классикалық үлгісі болып табылады (Ашаршылық, 2023: 313–317).

Шайсұлтан Олжабаевтың арызына сәйкес 1928 ж. қыркүйек айының басында аудандық және округтік атқару комитеттерінің шешімімен, уәкіл Нұртазиннің қатысуымен милиция күші арқылы оның отбасы және шаруашылығы әкесінің ауылына күштеп көшірілген. Мүлкі әкесінікі деп танылып, тәркілеуге жатқызылып, өзі бай ретінде танылған әкесі Олжабай Нұралинмен бірге жер аударылатындар тізіміне енгізілген. Шайсұлтанның шаруашылығы 1922 жылы жеке бөлініп шыққанын растайтын құжаттар, соның ішінде салық төлеу түбіртектері есепке алынбаған.

Репрессиялық шараларды қолданудың тағы бір әдісі – жартылай көшпелі ауданда тәркіленетін шаруашылықты отырықшы ауданында тәркіленетін шаруашылық санатына көшіру болды. Осы шара шаруашылықты отырықшы деп тануға мүмкіндік беріп, мал басының нормасын 300 бастан 150-ге, ал жергілікті билік шешімімен 100 басқа дейін қысқартуға жол ашты. Бұл репрессиялық шара Петропавл округіндегі Баймағамбет пен Хасанбай Майкөтов, Садуақас Тоғжанов шаруашылықтарына қатысты қолданылды. 1928 жылғы 27 қазанда осы «байларды» тәркілеу жөніндегі Орталық комиссия Петропавл округтік комиссиясының өтінішін мақұлдап, аталған шаруашылықтарды тәркілеуге жататын тізімге енгізіп, ХКК-нің бекітуіне жолдаған.

Петропавл округінде тәркілеуге ұшыраған бай шаруашылықтарынан 9357 бас мал, ірі малға шаққанда 4686 бас тәркіленген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 80-п.). Оның 3399-ы – 1148 кедей және батрақ шаруашылыққа таратылды, 1287 бас – 103 ұжымшарларға берілген. Ақмола округінде тәркілеу науқанында жазаға ұшыраған байлардан ірі малға шаққанда 7949,5 бас мал алынған. Кедей деп танылған 2538 жеке шаруашылыққа 5022 жылқы, 676 ірі қара, 97 түйе және 4176 қой ешкі үлестірілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 34-п.). Сонымен қатар, 59 ұжымдастырылған шаруашылыққа 1660 жылқы, 1267 қой-ешкі, 282 ірі қара берілген (ҚР ПА.

141-қ. 1-т. 2064-іс. 36-п.). Ақмола округіндегі Азат ауданында байлардан тәркіленген асыл тұқымды мал есебінен кеңестік шаруашылық ұйымдастырылып, бұл кеңшарға 431 бас мал берілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 25-п.).

1-Кесте –Ақмола, Петропавл округтерінде тәркіленген малды үлестіру көрсеткіштері  
(ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 1-п.; 34–39-пп.; 141-қ. 1-т. 2068-іс. 80-п.)

[Table 1 – Indicators of the Distribution of Confiscated Livestock in the Akmola and Petropavl Districts  
(AP RK F. 141. Inv. 1. C. 2064. P. 34–39.; F. 141. Inv. 1. C. 2068. P. 80.)]

Аудан атауы	Тәркіленген шаруашылықтар	Жалпы мал саны (бас)	Ірі малға шаққанда (бас)	Жеке шаруашылықтар саны	Ұжымшарлар саны	Ұжымшарларға берілген малдың орташа саны (бас)	Жеке шаруашылықтарға берілген малдың орташа саны (бас)
<b>Ақмола округі</b>							
Атбасар	6	1 971	928	217	13	16,5	3,2
Ақмола	9	3 056	1 596	421	32	15,2	2,6
Асанқайғы	8	1 559	817	226	10	8,4	3,3
Азат	3	1 441	849	412	7	37,6	1,4
Еркіншілік	6	2 709	1 404	683	12	26,2	1,6
Нұра	2	547	302	98	8	8,3	2,4
Қарағанды	5	1 968	1 074	295	7	24,5	3,0
Қорғалжын	7	1 977	980	186	11	24,9	3,8
<b>Ақмола округі бойынша</b>	<b>46</b>	<b>15 228</b>	<b>7 950</b>	<b>2 538</b>	<b>100</b>	<b>19,4</b>	<b>2,4</b>
<b>Петропавл округі</b>							
Еңбекшілдер	3	614	312	67	17	10,0	3,3
Көкшетау	7	4 668	2 064	416	34	18,5	3,5
Қызылту	9	1 997	1 178	337	2	20,0	— <sup>2</sup>
Бейнетқор	4	802	310	161	20	3,0	1,5
Октябрь	2	375	244	53	18	5,5	3,0
Төңкеріс	4	614	361	74	5	21,3	3,6
Қызыләскер	3	487	217	40	7	11,7	3,4
<b>Петропавл округі бойынша</b>	<b>32<sup>1</sup></b>	<b>9 557</b>	<b>4 686</b>	<b>1 148</b>	<b>103</b>	<b>12–13</b>	<b>3,4</b>
<b>Екі округ бойынша барлығы</b>	<b>78</b>	<b>24 785</b>	<b>12 636</b>	<b>3 686</b>	<b>203</b>	<b>15,8</b>	<b>2,7</b>

Ескерту:

<sup>1</sup> 2 бай шаруашылығының мүлкін үлестіру ісі архив құжаты жасалған кезде аяқталмаған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 80-п.).

<sup>2</sup> Архивтік есепте дерек берілмеген.

1-кесте деректеріне сәйкес, Ақмола округінде бір ұжымшарға орта есеппен 19,4 бас ірі мал берілсе, Петропавл округінде бұл көрсеткіш небәрі 12–13 басты құраған. Тәркіленген малды жеке кедей шаруашылықтарына үлестіруде керісінше үрдіс байқалады. Петропавл округінде мұндай шаруашылықтарға 3,4 бас, ал Ақмолада 2,4 бас мал берілген. Бұл Ақмола округінде жергілікті билік тәркіленген мүлікті негізінен ұжымшар құрылысын нығайтуға бағыттағанын, ал Петропавл округінде бөлініс салыстырмалы түрде теңгерімді сипат алғанын

көрсетеді.

Екі округте де тәркіленген малды үлестірген кезде ұжымшарлардың жеке шаруашылықтармен салыстырғанда бірнеше есе көп мал алғанын көруге болады. Ақмола округінде ұжымшарға берілген мал саны жеке шаруашылыққа берілген мал санынан 8,1 есе көп болса, Петропавл округінде ұжымшарға тиесілі мал жеке шаруашылықтың алған малынан 3,7 есе көп болған. Бұл тәркілеудің көздегені әлеуметтік теңдік емес, ұжымдық шаруашылық инфрақұрылымын қалыптастыру болғанын сандық тұрғыдан дәлелдейді.

2-Кесте - Тәркіленген малдың округтегі жалпы малға қатынасы  
(Дереккөз: ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 80-п.; Конъюнктурный обзор народного хозяйства Петропавловского округа Казакстана за 1928–1929 год. Петропавловск: Изд. Окрплана, 1930. 48 с; ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 34–39-пп.; Первый расширенный пленум Акмолинского окрисполкома: Стенографический отчет заседаний 2–4 января 1928 г. Акмолинск, 1928. 48 с.)

[Table 2 – The ratio of confiscated livestock to the total livestock in the district  
(Source: AP RK. F. 141. Inv. 1. C. 2068. P. 80; Kon'unktturnyi obzor narodnogo khoziaistva Petropavlovskogo okruga Kazakstana za 1928–1929 god [Conjunctural Review of the National Economy of the Petropavlovsk District of Kazakhstan for 1928–1929]. Petropavlovsk: Okrplan Publ., 1930. 48 p.; AP RK. F. 141. Inv. 1. C. 2064. P. 34–39; Pervyi rasshirennyi plenum Akmolinskogo okrispolkoma: Stenograficheskii otchet zasedanii 2–4 ianvaria 1928 g. [The First Extended Plenum of the Akmola District Executive Committee: Stenographic Report of the Sessions of January 2–4, 1928]. Akmolinsk, 1928. 48 p.)]

Округ	Тәркіленген мал (ірі малға шақ.)	Округтегі барлық мал (мың бас)	Үлесі (%)
Петропавл	4 686	736,7	0,64
Ақмола	7 950	2 051	0,39

2-кесте тәркілеу науқанының ауыл шаруашылығы мал қорына тигізген сандық әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Петропавл округінде тәркіленген 4 686 бас (ірі малға шаққанда) округтегі жалпы мал қорының небәрі 0,64 %-ын, Ақмола округінде 7 950 бас — 0,39 %-ын ғана құрады. Бұл көрсеткіштер тәркілеу науқанының ауыл шаруашылығын қайта құру құралы ретіндегі тиімділігінің шектеулі болғанын дәлелдейді.

Екі округ арасындағы үлес айырмашылығы (Петропавлда шамамен 1,6 есе жоғары) аймақтық деңгейдегі тәркілеу қарқындылығының біркелкі болмағанын көрсетеді. Бұл айырмашылық, бір жағынан, екі округтегі жалпы мал қорының айырмашылығымен (Ақмолада үш есе көп), екінші жағынан – Петропавл округінде «әлеуметтік қауіптілік» ұғымының кеңінен қолданылуымен түсіндіріледі. Жоғарыда айтылғандай, өлкелік уәкіл Х. Жүсіпбековтің өзі мойындағандай, Петропавл округінде тәркіленген 34 шаруашылықтың 19-ының мал саны нормадан төмен болғанымен, тәркіленген. 2-кестенің сандық көрсеткіштері 1928 жылғы тәркілеу науқанының басты мақсаты экономикалық қайта бөлу емес, саяси-әлеуметтік құрылымды өзгерту болғанын тағы бір рет растайды.

Осы деректерді жалпыреспубликалық көрсеткіштермен салыстырғанда, Т. Омарбеков атап көрсеткендей, әр малсыз қожалық орта есеппен 8-9 бас малға ғана ие болды, ал агроном М.Г. Сириустың есептеулері бойынша бір мал шаруашылығы қожалығының қалыпты өмір сүруі үшін кем дегенде 55 бас ірі қара керек еді (Омарбеков, 1997: 101–102). Бұл тәркілеу науқанының экономикалық тиімсіздігін тағы да дәлелдейді.

Петропавл округінде мүлікпен қатар, 34 бай шаруашылығынан едәуір мөлшерде жылжымайтын мүлік пен ауылшаруашылық құралдары тәркіленген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2068-іс. 99-п.). Атап айтқанда, 29 ағаш үй, 17 қыстақ және 27 киіз үй тәркіленген, бұл олардың отырықшы және көшпелі тұрмыс салтын қатар ұстанғанын көрсетеді. Сонымен бірге, 27 шөп шабатын машина, 27 атпен сүйрегілетін тырма, 5 шөп шабатын арба, 14 соқа, 3 ат молотилкасы және 1 байлау машинасы алынған — бұл байлардың ауылшаруашылық жабдықталуы жоғары болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, 71 жеңіл арба, 39 шана мен жеңіл арба, 8 желпуіш машинасы және 22 тырма тәркіленген. Бұған қоса, 59 кілем тәркіленіп, олардың тұрмыстық және сән-салтанат бұйымдары болғанын көрсетеді. Ал Ақмола округінде тәркілеу барысында

«бай» шаруашылықтарынан 38 киіз үй, 16 ағаш үй, 45 саман үй, 63 қора, 2 монша, 70 кілем тәркіленген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 40-п.). Шаруашылық заттары мен еңбек құралдарынан 19 шөп шабатын машина, 10 соқа ұжымшарларға берілген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2064-іс. 38-п.).

Тәркілеу науқаны барысында жергілікті партия, комсомол, «Қосшы» одағы, кәсіподақ және кеңес органдарының қызметкерлері арасында науқанға деген көзқарас біркелкі болмады. Архивтік деректер мен сол кездің басылымдарындағы ақпаратқа сәйкес, бірқатар коммунистер мен кеңес қызметкерлерінің тәркілеуге ашық немесе жасырын түрде қарсылық көрсеткенін дәлелдейді. Бұл саяси қарсылықтың нақты көріністері де болды. Бейнетқор ауданындағы батрақтар одағының төрағасы Тұрлыбаев тәркілеуге қарсы шығып, ауылға жіберілгенде бармаған. Сол аудандағы 1-ауылдан үш коммунист Бектемір балалары деген байды жақтап арыз берсе, 8-ауылдан төрт коммунист Мәлік Ыдырысовты қорғап арыз жазған. Қызылту ауданындағы 1919 жылдан бері партия мүшесі болған жауапты қызметкер Темірболат Телжанов тәркіленген байларды ашық жақтаған.

Ауылдық кеңес төрағалары мен «Қосшы» одағының мүшелері де бірқатар жағдайларда байларды қорғауға тырысты. Мысалы, Бейнетқор ауданы 5-ауылдық кеңес төрағасы Мусин жоғарыда аталған Саутбековтың тәркілеуге ілінбеуі үшін арыз берген. Сол аудандағы 7-ауылдық кеңес төрағасы Шәріпов Есемберді Тақамбетовтың ұлына шаруашылығы бөлек екендігі жөнінде куәлік берген.

С. Сапарбековтың басылымында да Ақмола округінде де осыған ұқсас жағдайлар келтірілген. Атбасар ауданында бір партия мүшесі Өтебайұлы деген байдан «екі құлынды бие алып, бай 200-дей малымен Торғайға қашқанда оған көмектесіп, партия органдарына хабарламай ат терлетіп шығарып салған» (Сапарбекұлы, 1929: 28).

Тәркілеу науқаны жергілікті деңгейде біртұтас қолдауға ие болмағанын, партия мен кеңес аппаратындағы бір бөліктің рулық-туыстық байланыстар мен жеке мүдделерге сүйеніп әрекет еткенін көрсетті. Дегенмен, мұндай қарсылықтар жеке көріністер деңгейінде қалды.

Науқан партия, комсомол, «Қосшы» одағы мен кәсіподақ үшін маңызды сынақ болды. 1928 жылғы қазан–қараша айларында өткен I Петропавл және I Ақмола округтік конференциялары науқан қорытындыларын талқылап, жергілікті ұйымдардың қызметін бағалады. Петропавл округтік конференциясы тәркілеуді партия ұйымдары үшін «үлкен революциялық іс-әрекет» деп бағалап, ауылдық ұйымдардың байшылдықпен күрес тәжірибесін жинақтағанын атап өтті (Резолюция Первой Петропавловской, 1929), алайда байшылдықты қолдаған «тұрақсыз және бөгде элементтердің» барын да көрсетті.

«Қосшы» одағы мен кәсіподақтар жекелеген мүшелер белсенділік танытқанымен, кейбір жерлерде ұйым ретінде әрекет ете алмады. Ақмола округінде кей аудандарда байлар қолтаңба жинап, Қосшы одағы мен ауылдық кеңес басшылары олардың пайдасына куәліктер берген. Қорғалжын ауданында бір партия мүшесі тәркілеуге ілінбеген байларға көмектескенін жариялап, кейін мал жасырғаны үшін партиядан шығарылды. Азат пен Атбасар аудандарында Қосшы одағы мен комсомол ұйымы ұйымдасқан күш ретінде көріне алмады.

Жалпы алғанда, партия конференциялары ұйымдардың «таптық сынақтан өткенін» мойындағанымен, олардың қатарында «бөгде элементтердің» барын көрсетті. Ұйымдар науқанға ұжымдық түрде толық қатыса алмай, кейбір басшылар байлардың мүддесін қорғап, ақтау құжаттарын берген. Бұл ауылдағы кеңестік биліктің әлеуметтік базасының әлсіздігін және рулық-туыстық қатынастардың таптық ұстанымнан басым екенін аңғартты.

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу Петропавл және Ақмола округтеріндегі 1928 жылғы бай шаруашылықтарын тәркілеу науқанының аймақтық деңгейде жүзеге асырылу ерекшеліктерін архивтік деректер негізінде жүйелі түрде ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Алға қойылған міндеттерге сәйкес зерттеу нәтижелері бірнеше маңызды тұжырым жасауға негіз болды.

Біріншіден, тәркілеу науқанының саяси-идеологиялық негіздемесін талдау оның тек экономикалық сипаттағы шара емес, дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын түбегейлі қайта құруға бағытталған әлеуметтік-инженерлік жоба болғанын көрсетті. 1928

жылыдың 14 тамызында Петропавл округтік комитеті ресми декреттен 13 күн бұрын жасаған құпия нұсқаулығы науқанның алдын ала мұқият жоспарланғанын және оның басты нысаны мүлік емес, «ауылдағы саяси агенттер — атқамінерлер» болғанын тікелей дәлелдейді.

Екіншіден, округтік және аудандық комиссиялардың құрылу тәртібі мен қызметін талдау бұл құрылымдардың орталық директиваларды механикалық түрде орындаушы емес, репрессия ауқымын кеңейтуге белсенді ықпал етуші субъект ретінде әрекет еткенін айқындайды. Екі округте де төрт сатылы ұйымдастыру жоспары қабылданып, уәкілдер институты және ауылдық деңгейдегі көмек комиссиялары бір үлгіде құрылды.

Үшіншіден, екі округтің тәжірибесін салыстырмалы талдау жергілікті биліктің әрекет ету тәсілдеріндегі айырмашылықтарды анықтады. Петропавл округінің әкімшілік қаулылары құқықтық-әкімшілік сипатта болса, Ақмола округінің құжаттарында идеологиялық риторика кеңінен қолданылды.

Тәркіленген малды қайта бөлуде де айырмашылық байқалады. Ақмола округінде ұжымшарларға басымдық берілсе (бір ұжымшарға орта есеппен 19 бас), Петропавл округінде тәркіленген малды үлестіруде ұжымшарлар мен жеке шаруашылықтар арасында салыстырмалы теңгерім сипат алды (12–13 бас). Бұл айырмашылықтар жергілікті биліктің дербес шешім қабылдау кеңістігінің болғанын дәлелдейді.

Төртіншіден, зерттеу барысында жергілікті билік органдарының заңнаманы өз мүддесіне қарай бұрмалау тетіктері айқындалды: шаруашылықтарды жасанды біріктіру (Ахмет Айтжанов пен Рахымжан Шектібаев ісі), аумақтық санаттарды өзгерту (Майкөтовтер мен Тоғжанов ісі), туыстық байланыстарды есепке алмау және «әлеуметтік қауіптілік» ұғымын кеңінен қолдану. Өлкелік уәкіл Х. Жүсіпбековтің өзі мойындаған фактіге сәйкес, Петропавл округінде тәркіленген 34 шаруашылықтың 19-ының мал саны белгіленген нормадан төмен болған. Бұл экономикалық критерийлердің екінші дәрежелі мәнге ие болғанын көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы — бұған дейін ғылыми айналымға енгізілмеген архивтік құжаттар негізінде Петропавл және Ақмола округтеріндегі тәркілеу науқанының алғаш рет салыстырмалы микротарихи талдау жасалуында. Мақалада ұсынылған тұжырымдар тәркілеу саясатын біркелкі, орталықтан басқарылатын үдеріс ретінде қарастыратын дәстүрлі көзқарасты толықтырып, жергілікті билік субъектілерінің дербес рөлін көрсетеді.

Бұл тақырыптың келешектегі зерттелу перспективалары ретінде Қазақстанның басқа округтеріндегі тәркілеу науқанының салыстырмалы талдауын, тәркіленген тұлғалардың кейінгі тағдырын зерделеуді және тәркілеу мен 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру, ашаршылық үдерістері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды нақтылауды атап өтуге болады.

### Sources

AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan  
SANKR — State Archive of the North Kazakhstan Region  
CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

### Дереккөздер

ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президент архиві  
СҚМА — Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архиві  
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

### References

Asharshylyq. Golod, 2023 — Asharshylyq. Golod. 1928–1934: qūzhattyq shezhire. Qūzhattar zhinaghy [Famine. 1928–1934: Documentary Chronicle. Collection of Documents] / Comp.: D. Aitmaghambetov et al.; Ex. ed. E. Sydyqov. Almaty: Keremet media, 2023. Vol. 8. 597 p. (In Kaz.).

Goloshchekin, 1930 — *Goloshchekin F. I.* Partiinoe stroitel'stvo v Kazakhstane: sbornik rechei i statei (1925–1930 gg.) [Party Construction in Kazakhstan: a Collection of Speeches and Articles (1925–1930)] / Gen. ed. P. M. Ryskov. Moscow; Alma-Ata: RSFSR State Publishinh House, 1930. 344 p. (In Russ.).

Gorvits, 1957 — *Gorvits B.G.* Severo-Kazakhstanskaia oblast' v gody mirnogo sotsialisticheskogo stroitel'stva (1921–1941 gg.) [North Kazakhstan Region during the Years of Peaceful Socialist Construction (1921–1941)] // Severo-Kazakhstanskaia oblast' v 1917–1957 gg.: sbornik statei [North Kazakhstan Region in 1917–1957: Collection of Articles] / Ed. Iu. A. Dolgopiatov, K. L. Meleshko. Alma-Ata: Kazakh State Publishing House, 1957. (In Russ.).

Ibraeva, Temirkhanova, Qabdöshev, 2023 — *Ibraeva A. Gh., Temirkhanova Ā. S., Qabdöshev B. Zh.* Alash ziyalylary zhāne bailardyn sharaūashylyghyn tärkileu mäseleleri (Soltüstik Qazaqstan öñiri mysalynda) [The Alash Intelligentsia and Issues of Confiscating Bai Farms (A Case Study of the North Kazakhstan Region)] // «*edu.e-history.kz*» Electronic Scientific Journal. 2023. Vol. 10. No. 2. Pp. 225–240. (In Kaz.).

Kabul'dinov, 2022 — *Kabul'dinov Z. E.* Bai Kazakhstana — opora kazakhskogo naroda [The Bais of Kazakhstan are the Pillar of the Kazakh People] // Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii (20–50 gody XX veka). Vol. 15: Severnyi Kazakhstan i Alash. Sbornik dokumentov i materialov [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (the 1920s-50s). Vol. 15: Northern Kazakhstan and Alash. Collection of Documents and Materials] / Comp: A. G. Ibraeva, S. Z. Malikova, Zh. E. Nurbaev, G. Zh. Sultangazy; ed. E. T. Karin. Astana, 2022. Pp. 112–131. (In Russ.).

Kenzhebaev, Kabyldinov, Ryskulov, 2024 — *Kenzhebaev G. K., Kabyldinov Z. E., Ryskulova T. A.* Podgotovitel'naia rabota Kazkraikoma po provedeniiu konfiskatsii krupnykh baiskikh khoziaistv Kazakhstana v periode fevralia–avgusta 1928 g. [Preparatory Work of the Kazakh Regional Committee for the Confiscation of Large Bai Farms in Kazakhstan during the Period of February-August 1928] // Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seria «Istoricheskie i sotsial'no-politicheskie nauki» [Bulletin of Abai KazNPU. "Historical and Socio-Political Sciences" Series]. 2024. Vol. 4. No. 83. Pp. 7–18. (In Russ.).

Kindler, 2017 — *Kindler R.* Stalinskie kochevniki: vlast' i golod v Kazakhstane [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan]. Moscow: ROSSPEN, 2017. 381 p. (In Russ.).

Kozybaev, Abylkhozhin, Aldazhumanov, 1992 — *Kozybaev M. K., Abylkhozhin Zh. B., Aldazhumanov K. S.* Kollektivizatsiia v Kazakhstane: tragediia krest'ianstva [Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1992. 256 p. (In Russ.).

Koigeldiev, 2009 — *Koigeldiev M. K.* Stalinizm i repressii v Kazakhstane 1920–1940-kh godov [Stalinism and Repressions in Kazakhstan in the 1920s-1940s]. Almaty: Daik-Press, 2009. 448 p. (In Russ.).

Kuchkin, 1962 — *Kuchkin A.P.* Sovetizatsiia kazakhskogo aula. 1926–1929 gg. [Sovietization of the Kazakh Aul. 1926–1929]. Moscow: Academy of Sciences of the USSR, 1962. 432 p. (In Russ.).

Ohayon, 2009 — *Ohayon I.* Sedentarizatsiia kazakhov SSSR pri Staline: kollektivizatsiia i sotsial'nye izmeneniia (1928–1945) [Sedentarisation of the Kazakhs of the USSR under Stalin: Collectivisation and Social Change (1928–1945)] / Transl. from Fr. A. T. Rakisheva. Almaty: Sanat, 2009. 416 p. (In Russ.).

Omarbekov, 1997 — *Omarbekov T.* 20–30 zhyldardaghy Qazaqstan qasireti: Kömekshi oqy qūraly [The Tragedy of Kazakhstan in the 1920s-30s: A Tutorial]. Almaty: Sanat, 1997. 160 p. (In Kaz.).

Orazov, 2015 — *Orazov R. E.* Zhetisu: qazaq bailaryn tärkileudyn barynymen saldary [Zhetysu: The Course and Consequences of Confiscating Kazakh Bai Farms] // Otan tarihy [History of the Motherland]. 2015. No. 1. Pp. 100–117. (In Kaz.).

Qaiypnazarūly, 1928 — *Qaiypnazarūly M.* Kānpeske naūqannyn qorytyndysy [Results of the Kandepeske Campaign]. Qyzylzhar, 1928. 19 p. (In Kaz.).

Rezoliutsii VI Vsekazakskoi, 1928 — Rezoliutsii VI Vsekazakskoi kraevoi partikonferentsii [Resolutions of the 6th All-Kazakh Regional Party Conference]. Kzyl-Orda, 1928. 40 p. (In Russ.).

Rezoliutsii Pervoi Petropavlovskoi, 1929 — Rezoliutsii Pervoi Petropavlovskoi okruznoi partiinoi konferentsii (26 oktiabria – 3 noiabria 1928 g.) [Resolutions of the First Petropavlovsk Okrug Party Conference (October 26 – November 3, 1928)]. Petropavlovsk: 1-ia gostip., 1929. 58 p. (In Russ.).

Saparbekūly, 1929 — *Saparbekūly S.* Kānpeske qorytyndysy [Results of Kanpeske]. Qyzylorda: Qazaqstan baspasy, 1929. 36 p. (In Kaz.).

Saiasy qūghyn-sürgin, 2022a — Saiasy qūghyn-sürgin qūrbandaryn tolyq aqtaū zhōninghegi Memlekettik komissianyn materialdary (XX ghasyrdyn 20–50 zhyldary) [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (the 1920s-50s of the 20th Century)] / Gen. ed. E. T. Karin. Nūr-Sūltan: Dáuir, 2022. Vol. 2. 547 p. (In Kaz.).

Saiasy qūghyn-sürgin, 2022b — Saiasy qūghyn-sürgin qūrbandaryn tolyq aqtaū zhōninghegi Memlekettik komissianyn materialdary (XX ghasyrdyn 20–50 zhyldary). Vyp. 32: Politicheskii repressii v Severo-Kazakhstanskoi oblasti (1920–1950-e gg.) [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (the 1920s-50s of the 20th Century). Is. 32: Political Repressions in the North Kazakhstan Region (the 1920s-50s)] / Ed. E. T. Karin. Astana, 2022. 383 p. (In Russ.).

Saiasy qūghyn-sürgin, 2022v — Saiasy qūghyn-sürgin qūrbandaryn tolyq aqtaū zhöninghegi Memlekettik komissianyn materialdary (XX ghasyrdyn 20–50 zhyldary). Vol. 2 / zhalpy red. E. T. Karin. Nūr-Sūltan: Dáuir, 2022. 547 p. (In Kaz.)

### Әдебиеттер

- Ашаршылық. Голод, 2023 — Ашаршылық. Голод. 1928–1934: құжаттық шежіре. Құжаттар жинағы / құраст.: Д. Айтмағамбетов және басқалар; жауапты ред. Е. Сыдықов. Алматы: Керемет медиа, 2023. Т. 8. 597 б.
- Голощекин, 1930 — *Голощекин Ф.И.* Партийное строительство в Казахстане: сборник речей и статей (1925–1930 гг.) / под общ. ред. П. М. Рыскова. Москва; Алма-Ата: Гос. изд-во РСФСР, 1930. 344 с.
- Горвиц, 1957 — *Горвиц Б.Г.* Северо-Казахстанская область в годы мирного социалистического строительства (1921–1941 гг.) // Северо-Казахстанская область в 1917–1957 гг.: сборник статей / редакторы Ю. А. Долгопятов, К. Л. Мелешко. Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1957.
- Жакишева, 2021 — *Жакишева С.А.* Элиминация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 222 с.
- Зулкашева, 2013 — *Зулкашева А.С.* и др. (сост.) Трагедия казахского аула. 1928–1934: Сборник документов. Алматы: Раритет, 2013. Т. 1: 1928 – апрель 1929. 743 с.
- Ибраева, Темірханова, Қабдөшев, 2023 — *Ибраева А.Ф., Темірханова Ә.С., Қабдөшев Б.Ж.* Алаш зиялылары және байлардың шаруашылығын тәркілеу мәселелері (Солтүстік Қазақстан өңірі мысалында) // «*edu.e-history.kz*» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 2. 225–240-бб.
- Кабульдинов, 2022 — *Кабульдинов З.Е.* Баи Казахстана — опора казахского народа // Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 15: Северный Казахстан и Алаш. Сборник документов и материалов / сост.: А. Г. Ибраева, С. З. Маликова, Ж. Е. Нурбаев, Г. Ж. Султангазы; под общ. ред. Е. Т. Карина. Астана, 2022. С. 112–131.
- Кенжебаева, Кабылдинова, Рыскулова, 2024 — *Кенжебаева Г.К., Кабылдинова З.Е., Рыскулова Т.А.* Подготовительная работа Казкрайкома по проведению конфискации крупных байских хозяйств Казахстана в период февраля–августа 1928 г. // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки»*. 2024. Т. 4. № 83. С. 7–18.
- Киндлер, 2017 — *Киндлер Р.* Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане. Москва: РОССПЭН, 2017. 381 с.
- Козыбаев, Абылхожин, Алдажуманов, 1992 — *Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата: Казахстан, 1992. 256 с.
- Койгелдиев, 2009 — *Койгелдиев М.К.* Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. 448 с.
- Кучкин, 1962 — *Кучкин А.П.* Советизация казахского аула. 1926–1929 гг. Москва: Издательство Академии наук СССР, 1962. 432 с.
- Қайыпназарұлы, 1928 — *Қайыпназарұлы М.* Кәмпеске науқанының қорытындысы. Қызылжар, 1928. 19 б.
- Огайон, 2009 — *Огайон И.* Седентаризация казахов СССР при Сталине: коллективизация и социальные изменения (1928–1945) / пер. с фр. А. Т. Ракишева. Алматы: Санат, 2009. 416 с.
- Омарбеков, 1997 — *Омарбеков Т.* 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 160 б.
- Оразов, 2015 — *Оразов Р.Е.* Жетісу: қазақ байларын тәркілеудің барысы мен салдары // *Отан тарихы*. 2015. № 1. Б. 100–117.
- Резолюции VI Всеказакской, 1928 — Резолюции VI Всеказакской краевой партконференции. Кзыл-Орда, 1928. 40 с.
- Резолюции Первой Петропавловской, 1929 — Резолюции Первой Петропавловской окружной партийной конференции (26 октября – 3 ноября 1928 г.). Петропавловск: 1-я гостиц., 1929. 58 с.
- Сапарбекұлы, 1929 — *Сапарбекұлы С.* Кәмпеске қорытындысы. Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1929. 36 б.
- Саяси қуғын-сүргін, 2022a — Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) / жалпы ред. Е. Т. Карин. Нұр-Сұлтан: Дәуір, 2022. Т. 2. 547 б.
- Саяси қуғын-сүргін, 2022ә — Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары). Вып. 32: Политические репрессии в Северо-Казахстанской области (1920–1950-е гг.) / ред. Е. Т. Карин. Астана, 2022. 383 с.
- Саяси қуғын-сүргін, 2022б — Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары). Т. 2 / жалпы ред. Е. Т. Карин. Нұр-Сұлтан: Дәуір, 2022. 547 б.
- Сейтқасымов, 2025 — Сейтқасымов А. А. 1920–1950 жылдардағы Ақмола, Көкше-Есіл, Атбасар өңіріндегі саяси қуғын-сүргін. Тарихы. Зерттелуі. Тағылымы. Көкшетау: Мир печати, 2025. 528 б.
- Социально-экономические преобразования, 1965 — Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921–1929 гг.). Алма-Ата: Наука, 1965. 280 с.

Турсунбаев, 1957 — *Турсунбаев А.Б.* Победа колхозного строя в Казахстане. Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1957. 280 с.

Seitqasymov, 2025 — *Seitqasymov A. A.* 1920–1950 zhyldardaghy Aqmola, Kökshe-Esil, Atbasar ömirindegi saiasy qūghyn-sürgin. Tarihy. Zerttelýi. Taghylymy. [Political Repressions in the Aqmola, Kökshe-Esil, Atbasar Regions in 1920–1950. History. Study. Lessons.] Kökshetau: Mir pechati, 2025. 528 p. (In Kaz.)

Sotsial'no-ekonomicheskie preobrazovaniia, 1965 — *Sotsial'no-ekonomicheskie preobrazovaniia v aule i derevne Kazakhstana (1921–1929 gg.)* [Socio-Economic Transformations in the Village and Aul of Kazakhstan (1921–1929)]. Alma-Ata: Nauka, 1965. 280 p. (In Russ.)

Tursunbaev, 1957 — *Tursunbaev A. B.* Pobeda kolkhoznogo stroia v Kazakhstane [The Victory of the Collective Farm System in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhskoe gosudarstvennoe izdatel'stvo, 1957. 280 p. (In Russ.)

Zhakisheva, 2021 — *Zhakisheva S. A.* Eliminatsiia baiskikh khoziaistv v Kazakhstane na rubezhe 20–30-kh gg. XX v.: novye podkhody, metody i tekhnologii [The Elimination of Bai Farms in Kazakhstan at the Turn of the 1920s-1930s: New Approaches, Methods and Technologies]. Almaty: Qazaq universiti, 2021. 222 p. (In Russ.)

Zulkasheva, 2013 — *Zulkasheva A. S. et al. (comp.)* Tragediia kazakhskogo aula. 1928–1934: Sbornik dokumentov [The Tragedy of the Kazakh Aul. 1928–1934: Collection of Documents]. Almaty: Raritet, 2013. Vol. 1: 1928 – aprel' 1929. 743 p. (In Russ.)

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A.</b> MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE).....	300
<b>Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A.</b> KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN.....	315
<b>Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y.</b> HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK.....	329
<b>Tulepbergenov G., Bukanova R.K.</b> KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov) .....	342

## HISTORY

<b>Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B.</b> TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR.....	354
<b>Atdaev S.J., Atdaeva O.G.</b> HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS.....	368
<b>Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh.</b> ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY.....	386
<b>Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K.</b> SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920).....	400
<b>Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P.</b> LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	414
<b>Zakarya R., Saitbekov A.M.</b> POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS.....	432
<b>Kasymova D., Mukanova G., Margulan A.</b> SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS).....	447
<b>Kozybayeva M.M.</b> THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S.....	465
<b>Nurymbetova G.R., Janysbay T.S.</b> SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S).....	481
<b>Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U.</b> ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	502
<b>Sariguzel N.</b> THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931).....	519
<b>Toktarbayuly A.</b> THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGIİ PROVINCE).....	530
<b>Ualiyev T., Sabitov Zh.</b> SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS.....	549
<b>Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I.</b> FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928).....	565

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A.</b> PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES .....	584
<b>Sholakhov M., Nabiev R.</b> THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES.....	599

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

<b>Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М.</b> КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА).....	300
<b>Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А.</b> ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ.....	315
<b>Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е.</b> ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР.....	329
<b>Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ.</b> ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай).....	342

### ТАРИХ

<b>Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б.</b> АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Өңірлік басқарудың трансформациясы.....	354
<b>Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г.</b> ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	368
<b>Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж.</b> ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК.....	386
<b>Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ.</b> КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920).....	400
<b>Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П.</b> СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ.....	414
<b>Закарья Р., Сайтбеков А.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	432
<b>Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С.</b> ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	447
<b>Қозыбаева М.М.</b> 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ.....	465
<b>Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С.</b> КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.).....	481
<b>Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү.</b> 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ.....	502
<b>Сарыгүзел Н.</b> АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931).....	519
<b>Тоқтарбайұлы А.</b> ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД.....	530
<b>Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М.</b> «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	549
<b>Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И.</b> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН.....	565

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А.</b> ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ.....	584
<b>Шолахов М., Набиев Н.</b> ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ.....	599

## СОДЕРЖАНИЕ

## ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА).....</b>	<b>300</b>
<b>Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА.....</b>	<b>315</b>
<b>Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ.....</b>	<b>329</b>
<b>Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова).....</b>	<b>342</b>

## ИСТОРИЯ

<b>Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ.....</b>	<b>354</b>
<b>Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ.....</b>	<b>368</b>
<b>Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА.....</b>	<b>386</b>
<b>Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920).....</b>	<b>400</b>
<b>Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.).....</b>	<b>414</b>
<b>Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....</b>	<b>432</b>
<b>Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ).....</b>	<b>447</b>
<b>Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ.....</b>	<b>465</b>
<b>Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.).....</b>	<b>481</b>
<b>Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945).....</b>	<b>502</b>
<b>Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931).....</b>	<b>519</b>
<b>Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА).....</b>	<b>530</b>
<b>Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....</b>	<b>549</b>
<b>Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.).....</b>	<b>565</b>

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ.....</b>	<b>584</b>
<b>Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ.....</b>	<b>599</b>

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13(2)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй